

Азаматтық бюджет

Нұрлыкент ауылдық округі 2018 жыл

Жуалы ауданындағы әкімшілік бірлік. Жер көлемі 5609,34 га. Халық саны 4566 адам. Орталығы Нұрлыкент ауылы. Аудан орталығынан 12 шақырым қашықтықта орналасқан.

<p>Қысқаша мазмұны:</p> <p>2 бет. Негізгі міндеттерге қол жеткізудің есептері. Бұл бетте Нұрлыкент ауылдық округі бюджетті орындау барысында қол жеткізген негізгі міндеттеріне түсініктеме беріледі.</p> <p>3 бет. Ауылдық округ – кіріс және шығыс бөліктері. Өткен жылмен қоса, бюджеттің кіріс және шығыс бөліктері туралы ақпарат беріледі.</p> <p>4 бет. Нұрлыкент ауылдық округінің экономикалық дамуы. Алдыңғы жылдарға дамуы және негізгі жоспарлары.</p>

Экономикалық саясаттың мақсаты- Нұрлыкент ауылдық округі бәсекеге қаблетті тауар және қызмет өндірушілеріне тиімді мемлекеттік басқару жүйесі негізінде, сапалы, ырғақты экономикалық өсімінің қалыптасуына ықпал ету.

Ауылдық округ құрымында 3 ауыл бар:
 Нұрлыкент ауылы,
 Түктібай ауылы,
 Қазбастау ауылы.

Негізгі экономикалық көрсеткіштер:

№		2017*	2018*
1	Айлық есептік көрсеткіш (теңге)	2269	2405
2	Ең төменгі еңбек ақы мөлшері	24459	28284
3	Күн көрістің төменгі деңгейі	24459	28284
4	Ең төменгі зейнетақы мөлшері	28148	33745
5	Ауылдық округ бойынша қызметкерлердің орташа жалақысы (теңге)	65968	70662
6	Жан басына шаққанда ЖӨӨ (мың теңге)	392,4	391,1
7	Халық саны (мың адам) 1 мамырға	4456	4566
8	Ауылдық округ орталығы халқының үлесі (%)	82,5	80,1
9	Ауыл халқының үлесі (%)	100	100
10	65 жастан асқан тұлғалардың үлесі (%)	3,65	4,05
11	Зейнетақы алушылардың саны (адам)	386	392
12	1000 адамға шаққандағы туылғандардың деңгейі	40,51	41,51
13	Еңбекке жарамды жастағы халықтың саны (мың адам)	1,5	1,5

АЕК- бұл ҚР қолданылатын зейнетақы, жәрдемақы және басқа да төлемдерді есептеу, сонымен қатар айыппұл санкциясын, салық және басқа төлемдердің есептерінің көрсеткіші. (Жыл сайын ҚР «Республикалық бюджет туралы» Заңымен нақтыланады).

Күнкөрістің ең төмен деңгейінің шамасы-құнының шамасы бойынша ең төменгі деңгейдегі тұтыну қоржынына тең бір адамға қажетті ең төменгі ақшалай табыс.

Қалыпты еңбек жағдайында және қалыпты жұмыс уақытының ұзақтығында еңбек нормаларын (еңбек міндеттерін) орындаған, квалификацияланбаған (аса күрделі емес) жай еңбек үшін жұмысшыға берілетін кепілді ең төменгі ақшалай төлем.

Жалпы өңірлік өнім (ЖӨӨ)- ауылдық округтің экономикалық даму нәтижелерін сипаттайтын макроэкономикалық көрсеткіштердің бірі.

Инфляция-ақшаның құнсыздануы, халықтың жеке тұтыну үшін сатып алынатын тауарлар мен қызмет көрсетулерге жалпы баға деңгейінің уақыт ішіндегі өзгеруін көрсетеді.

* тиісті жылдың басына

Негізгі міндеттерге жетудің есебі

Білім

Көрсеткіштер	2017	2018 (болжам)	2019 (болжам)
Орта білім			
ҰБТ орташа балы (балл)	87,4	87,5	87,6
Жалпы мектеп саны (жалпы білім беретін күндізгі мектеп саны)	2	2	2
Апатты жағдайдағы мектептердің үлесі (%)	0	0	0
Қажетті желілік ресурстармен мәліметтерді кепілді жылдамдықпен берумен қамтылған мектептердің үлесі %	100	100	100
Интерактивті құралдарды пайдаланатын білім мекемелерінің саны	2	2	2
Мектеп алды оқумен және тәрбиемен қамтылған балалар (%) 3-6 жас	84,6	87,2	91
Мектеп алды дайындықпен қамтылған балалар (%)	100	100	100
Жалпы бала бақша санындағы, мектеп алды оқумен және тәрбиемен қамтылған жеке меншік мекемелердің үлесі (%)	-	-	-
Бала бақшалардың саны	1	1	1
Шағын орталықтардың саны	0	0	0

Нұрлыкент ауылдық округ бойынша 2017 жылғы ҰБТ-ның орташа балл көрсеткіші 87,4 балл болды.

2018 жылы ауданда ҰБТ көрсеткішінің деңгейі 87,5 баллдан төмен болмайды деп жоспарлануда. Қажетті желілік ресурстармен мәліметтерді кепілді жылдамдықпен берумен қамтылған мектептердің үлесі 2018 жылы 100 %.

Интерактивті құралдарды пайдаланатын білім мекемелерінің саны 2, мектеп алды оқумен және тәрбиемен қамтылған балалар саны 84,6%

Бүгінгі таңда мектеп алды дайындықпен балалардың 100 % қамтылған.

Денсаулық сақтау

Көрсеткіштер	2017	2018 (болжам)	2019 (болжам)
Ана өлімінің деңгейі (100 мың тірі туылғандарға) %	0	0	0
Сәби өлімінің деңгейі (100 мың тірі туылғандарға) %	0,21	0,18	0,15
100 мың тұрғынға туберкулезбен ауырғандардың деңгейі %	0,65	0,61	0
100 мың тұрғынға туберкулезден қайтыс болғандардың үлесі %	0	0	0
100 мың тұрғынға ВИЧ/СПИД ауырғандардың деңгейі %	0,24	0,20	0,18


Нұрлыкент ауылдық округінде 2017 жылы ана өлімі орын алған жоқ. Сәби өлімі 2017 жылы 0,21 % деңгейінен 2018 жылы 0,18%-ға төмендейді.

Нұрлыкент ауылдық округінде туберкулезбен ауырғандар үлесі 2017 жылы 0,65% болса, 2018 жылы 0,61% төмендейтіні жоспарлануда

Әлеуметтік қорғау

Көрсеткіштер	2017	2018 (болжам)	2020 (болжам)
Жалпы ауылдық округ халық санына, күнкөрістің ең төменгі мөлшерінен табысы төмен халық санының үлесі %	32,9	18	18
Күнкөрістің ең төменгі мөлшерінен табысы төмен жалпы халық санына, қосымша әлеуметтік көмекпен қамтылған аз қамтамасыз етілген азаматтардың үлесі %		0,2	0,2

Ең төменгі табысы бар халықтың үлесі 2018 жылы 14,9% қысқарады.



	2017 (нақты)	2018 (жоспар)
Кірістер	0	42 316
Шығыстар	0	42 316

Нұрлыкент ауылдық округі жоспарлы бюджетінде шығыстар бөлігі (42 316 мың теңге), кірістер бөлігімен (42 316 мың теңге) тең екенін көрсетеді.

Нұрлыкент ауылдық округі 2018 жылғы бюджет кірістері келесі көлемде қалыптасқан. (42 316 мың теңге)

Салықтық түсімдер	4 218
Салықтық емес түсімдер	46
Негізгі капиталдан саудан түскен түсімдер	0
Трансферттер түсімдері	38 052

Кірістің көп үлесін трансферт түсімдері құрайды 89,9 %, салықтық түсімдер 9,9 %, салықтық емес түсімдер 0,1%,

Трансферт- бұл қаржыны бір бюджеттен екінші бюджетке аудару. Ауылдық округ әкімінің 2018 жылғы бюджетіне трансферт түсімдері, негізінен жоғарғы тұрған бюджеттерден түседі. (Ауд.Б) 89,9%

Салық түсімдері түрлерінің үлесі, 2018 жыл., %



2018 жылғы Нұрлыкент ауылдық округ бюджетінің салықтық түсімдерін негізінен жеке табыс салығы 1 112 мың теңге, меншікке салынатын салығы 3 106 мың теңге, оның ішінде Мүлікке салынатын салықтар 56 мың теңге, жер салығы 322 мың теңге, көлік құралдарына салынатын салықтар 2 728 мың теңгеге қалыптастырады.

Жалпы шығындар көлемінің үлкен үлесі: Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтердің шығындары- 59,1 %, тұрғын үй коммуналдық шаруашылық-31,3 %, басқалар – 9,6 %,

Нұрлыкент ауылдық округі бюджетінің 2018 жылға арналған шығыстары (мың.теңге)




Нұрлыкент ауылдық округінің экономикалық дамуы

2018 жылы аудандық бюджеттен қаржыландырылатын әлеуметтік-маңызды бюджеттік инвестициялық жобалар

Нысандардың атауы	Құны (мың тг)	ескертпе
	34535	
Нұрлыкент ауылындағы Нұрлыкент ауылдық клубының жоба сметалық құжаттамаларын дайындауға	2000	Құрылыс саласы бойынша
Нұрлыкент ауылдық округіндегі жер учаскелерін сәйкестендіру үшін (ардагерлер аллеясының, арканың, Түктібай ауылындағы Ұлы Отан соғысының ардагерлері ескерткішінің және көше жарықтары жүйесінің техникалық құжаттарын рәсідеуге)	993	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру
Нұрлыкент ауылдық округіндегі Нұрлыкент ауылының ауыз су жүйесінің техникалық паспортын дайындауға	3000	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру
Нұрлыкент ауылдық округіндегі бұрынғы қатты қалдық орнын көміп, тегістеу мен бетон қоршаумен қоршау	7342	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету
Түктібай ауылындағы "Қызыл-Куншығы" көшесінің -0,896 авто жолын ағымды жөндеу	11644	тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласы бойынша (ағымды жұмыстар)
Нұрлыкент ауылдық округінің әкімшілік ғимаратын ағымды жөндеуге	5500	Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер
Нұрлыкент ауылындағы Ақниет көшесін асфальттау жұмыстары	4056	Өңірлерді дамыту бойынша

2016-2020 жылдардағы кіріс саясаты Нұрлыкент ауылдық округінің индустриалды-инвестициялық дамуын ынталандыруды жалғастыруға, бәсекеге қаблетілігін көтеруге және экономикада тиімді салық салмағын құруға бағытталады.
(негізгі көрсеткіштер бойынша, өндірілген өнім көлемі)



2018-2020 жылдардағы бюджеттің болжам көрсеткіштері (мың теңге)

	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл
Кірістер	42 316	25 756	25 756
Шығындар	42 316	25 756	25 756

